

Қожамберді ауылындағы көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Қожамберді ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 18 қарашадағы N 94 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 желтоқсанда N 5255 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастикалық комиссиясының 2015 жылғы 27 тамыздағы №3 қорытындысына сәйкес Қожамберді ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қожамберді ауылдық округінің Қожамберді ауылындағы № 3 көшеге "Мәжит Биділлаұлы Шадиковтың" есімі берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қожамберді ауылдық округінің әкімі

М. Налибаев